


МКҚК «Шұғыла» бөбекжай бақшасы

8-Наурыз Аналар мерекесіне арналған «Аяулы аңашты»



«Жұлдыз» кіші тобының тәрбиешілері: Курмамбаева А.А
Кусмагамбетова Ұ.Р

2023-2024 оқу жыл

Тақырыбы: «Аяулы Анашым»

Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген коктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжетпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелу.

Балалар «Вальс» әуенімен залға кіреді.

1 Жүргізуші: Қымбатты аналар, қонақтар «Жұлдыз» кіші тобының «Аяулы - анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

2 жүргізуші: Бүгін наурыздың 8 – і
Сұлулықтың негізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бұлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

1 жүргізуші: Балалар қарандаршы айнала қандай әдемі, қазір жылдың кай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

2 жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылдынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлуулана түседі.

1 жүргізуші: Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай Аналар күні! Қәне, балалар бәріміз бірге аналарымызға арнап ән айтып берейік.

(Әуенмен Ару көктем кіреді.)

Ару көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Міне, келдім табиғатты оятып,
Күн күркірі нөсерімен тоя түп.
Ағаштардың тамырына қан жүрді,
Жапырағын жасыл түске боятып.
Қандай әдемі болып, құлпырып кеткенсіңдер!

Ән: «Айналайын анашым»

2 жүргізуі: Біздің балалар әнмен қатар тақпақты да айта алады. Аналарымызға арнаған тақпаққа кезек берейік . **Балалардың тақпағы**

Медина

Жанымызды жайнатқан,
Сіздерсіз ғой аналар!
Зор ден саулық, мол бақыт
Тілейміз біз балалар.

Адина

Әлпештеген, аялаған,
Ақ сүт берген апатайым

Патшайым

Сәлем жолдаң бүгін саған
Мерекенмен құттықтаймын

Абдулла

Бал бөбөгін баптаған,
Мамам үшін мақтанам.

Айтөре

Аялайтын біздерді
Көп жасасын ақ мамам!

Ойын: «Кім тез ғұл береді »

Алдияр

Мамаларды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.

Мұстафа

Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Зере

Әжетайым, әжетай
Сізді жақсы көреміз.

Зангар

Сізге өлең – тақпақты
Жатқа айтып береміз.

Омар

Шуағынды сепкен
Күніміzsің әже.

Би «Құыршак»

Ән «Топ-топ Балақан »

Би : «Флешмоб»

Ару көктем:

Рахмет балалар ,көңілімді көтердіндер.Мен сендерге өзімнің сыйлығымды ала келдім.Сау болындар , балалар!

2 жүргізуші: Кейде осындағай айтқанды тыңдамай, мамасынан адасып кететін балалар кездеседі. Бірақ, біздің арамызда ондай бала жоқ. Біздің балалар мамаларының айтқанын тыңдайды, сыйлап, құрметтеп жүреді.

1 жүргізуші: Дұрыс айтасын, біздің балалар тәртіпті! Міне бұғінгі ертеңгілігіміз де аяқталып қалды. Аналарыңа, әжелеріңе өз қолымен жасаған сыйлықтарыңды беретін сэтте келді. Балалар аналарына сыйлықтарын ұсынады. Сау болыңыздар!